

## **«Банк ЦентрКредит» АҚ-та корреспонденттік есепшоттарды ашу және жүргізу талаптары**

### **1. ЕСЕПШОТТАРДЫ АШУ ТӘРТІБІ**

«Банк ЦентрКредит» АҚ-та корреспонденттік есепшот ашу үшін Респондент Корреспонденттік қатынастар орнату туралы келісім жасауы және төмендегі **құжаттарды** тапсыруы қажет:

а. Қазақстан Республикасында бекітілген халықаралық шарттарға сәйкес белгіленген тәртіппен заңдастырылған немесе апостиль қойылған көшірмелері немесе нотариатты куәландырылған көшірмелері:

- Жарғы;
- Банктік операциялар жүргізуге берілген лицензия;
- Мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткенін растайтын, уәкілетті орган берген белгіленген нысандағы құжат;
- Тіркелу есебіне тұрғанын растайтын салық қызметі органы берген белгіленген нысандағы құжат.
- қол қою үлгілері мен мөр бедері көрсетілген құжат (түпнұсқасы);
- статистикалық карточка;
- Корреспонденттік қатынастар орнату туралы келісімге қол қоятын тұлғалардың уәкілеттігін растайтын құжаттар, сонымен қатар Респонденттің ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасау туралы құжаттарына қол қоюға құқылы тұлғалардың өкілеттігін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- Респонденттің ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасау туралы құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғалардың жеке тұлғасын куәландыратын құжаттар;
- Респонденттің тұрған мекенжайын куәландыратын құжат.

б. уәкілетті тұлғалар қол қойған және Респонденттің мөрі қойылған:

- Корреспонденттік есепшот ашу туралы белгіленген үлгідегі өтініш – әр корреспонденттік есепшотқа бір-бір данадан;
- Корреспонденттік қатынастар орнату туралы келісімнің қол қойылған және мөр басылған екі данасы;
- Қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл бойынша сауалнама.

с. Өзге құжаттар:

- корреспонденттік желі туралы мәліметтер;
- Респондент орналасқан елдің заңнамасына сәйкес оның заңдық мәртебесін анықтайтын басқа да құжаттар.

Корреспонденттік есепшот Респондент жоғарыда көрсетілген құжаттарды тапсырған және Корреспонденттік қатынастар орнату туралы келісімге қол қойған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ашылады.

Кейін басқа валютада қосымша есепшоттар ашу үшін тек тиісті дәрежеде ресімделген Өтініш пен Қол қою үлгілері мен мөр бедері көрсетілген құжат қажет.

### **2. ЕСЕПШОТТАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ҚҰНЫ**

Ақпарат алмасу үшін негізгі байланыс арнасы ретінде S.W.I.F.T. жүйесі пайдаланылады.

Ақша корреспонденттік есепшотқа:

- ұлттық валютамен – Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығынан (ҚБЕО) үзінді көшірме алған күні;
- шетел валютасымен – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың корреспонденттік есепшоты бойынша үзінді көшірме алған күні аударылады.

Корреспонденттік есепшотқа ақша салынғаны туралы хабарлама ақша салынған күні, төлеуші банктен бастапқы құжаттар түскен күннен кейінгі жұмыс күні Алматы уақыты бойынша сағат 12.00-ден кешіктірмей жіберіледі.

Егер Респонденттің тиісті үлгіде ресімделген төлемдік тапсырмасы Алматы уақыты бойынша сағат 16.00-ге дейін қабылданса, корреспонденттік есепшоттан ақша алу осындай төлемдік тапсырманы алған күні, ал егер мұндай өкім Алматы уақыты бойынша сағат 16.00-ден кейін алынған болса, келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

Корреспонденттік есепшоттағы ақшаның қозғалысы туралы үзінді көшірме Респондентке корреспонденттік есепшот бойынша операция жүргізілген күннен кейінгі жұмыс күні Алматы уақыты бойынша сағат 12.00-ден кешіктірмей жіберіледі.

Корреспонденттік есепшот ашу және жүргізу үшін комиссия алынбайды.

Корреспонденттік есепшотта төмендетуге болмайтын қалдық қалдыру талап етілмейді.

Бір төлем сомасының мөлшері шектелмеген.

Корреспонденттік есепшоттағы қалдық бойынша сыйақы есептелмейді.

Қызмет құны «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қолданыстағы **Тарифтері** бойынша белгіленеді.